

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының  
№6 хаттамасы**

2023 жыл «20» қыркүйек

Қарауылкелді ауылы

**Отырысқа шақырылғандар:** Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 8 адам, сонымен қатар отырысқа аудандық депутаттар, Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы М.Дабысов қатысты.

**Күн тәртібінде:**

1. Аудандағы білім берудің сапасы, проблемалар және алдағы міндеттері мен жұмыстары туралы

**Б.Тажімұратов**

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 8 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша сөз Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы М.Дабысовқа беріледі.

**Тыңдалды:** Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы М.Дабысовтың баяндамасы (*баяндама қоса жалғанды*)  
Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Тажімұратов Б: Жылу жүйесі бойынша ауылдық округ мектептерін көмір жағудан газ гольдерге ауыстыру қажет?

Жауап - Дабысов М: Көмірді тұтынып отырған 11 мектеп, 4 балабақша бар. Осы аталған ғимараттарды тасымал газға ауыстырудың тиімді жақтарын барлығын есептедік, экономикалық тұрғыда жоспар бойынша жылу беру маусымы қаралған қаражат бар сол қаржатты жоғарыда аталған мекемелердің барлығын өзіміз алмастыра аламыз бюджеттен ақша сұрамай көмірге қарастырылған қаражат пен жаба аламыз. Келесі жылдан бастап үнемдеу болады манагы көмірге кеткен қаражат өзімізде қалады ұтымды жақтарын дұрыс айтып отырсыз. Алдағы жылға басқармаға осы жағдай бойынша бірлесіп ұсыныс жасасақ шешімін табады. Көмір жағатын мектептерді газға ауыстырып алсақ бұл біздің аудан үшін үлкен жетістік.

Сұрақ –Тажімұратов Б: Игерілмей қалайын деп тұрған қаржыдан неге балалар автобусын алмайсындар?

Жауап - Дабысов М: Бұл мәселе бойынша 2022 жылдың қазан айынан бастап облыста көтеріп келе жатырмын. Олардын маған айтқаны облыс әкімі

Е.Тоғжанов келгенде көлтабан ауылдық округінің депутаты балалар автобусын атап айтқан болатын қыркүйек айының 1 не дейін шешіп беруін сұрады. Басқармаға барып сұрасақ көп автобусты біз лизингіге алдық олардың барлығына бережақпыз сол себепті ала алмай жатырмыз деді. Бір автобусты көрсетті оны мен алмадым себебі апаттық жағдайда тұр. Ендігіде келетін жаңа автобусты Байғанин ауданына береміз деді.

Сұрақ –Ускинов Н: № 2 Қарауылкелді орта мектебінің қасындағы балалар спорт алаңы қай мекеменің балансында тұр. Спорт алаңына жаңадан жөндеу жұмыстары жүргізіледі ме?

Жауап - Дабысов М: : № 2 Қарауылкелді орта мектебінің қасындағы балалар спорт алаңы мектептің балансында. Спорт алаңы жөнінде облыспен сөйлестік аудан бойынша 7 мектептің спорт алаңын жаңартамыз. Сол жаңартылатын спорт алаңы ішінде осы № 2 Қарауылкелді орта мектебі бар.

Сұрақ –Ускинов Н: Мектеп ішінде әжетхана болсада балалар сыртқы әжетханаға барады ішкі әжетхана жұмыс жасап тұрма?

Жауап - Дабысов М: 22 мектепке ішкі әжетхана орналастырылған, көктем қыс мезгілінде ішкі әжетхана жұмыс жасайды, жаз мезгілінде сыртқа шығады. Сыртқы әжетхананы неге жаппай жатырсыздар дегенге ішкі әжетхана бұзылып қалған жағдайда техникалық қызметкерлер мен сыртқа шыққысы келген оқушылар шығады.

Сұрақ –Сержан М: Жемқорлыққа жол берген әріптестеріміз анықталуда дедіңіз орын алып отырған мәселе қандай ?

Жауап - Дабысов М: Бұл педагогтердің біліктілігін көтеру кезінде,тест тапсыруда түрлі жеңіл жолды тандап, жемқорлыққа жол берген педагогтерге қатысты шаралар қабылдануда. Білім саласында мұндай сорақылыққа жол берілмейтіндігін атап өткім келеді, сондықтан мұғалімдерден әділдік, ашықтық әрқашан талап етілетін болады.

Сұрақ –Аманжолұлы М: Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар адамды жұмыстан босатып орнына жас мамандарды алуға болмайма ?

Жауап - Дабысов М: Ондай талап бізге қойып жатырған жоқ.

Сұрақ –Төлек Н: Дене шынықтыру пән мұғалімдері сіздерде рұқсатсыз жарысқа бала жібереді біздерде филиал жоқ бала екі ортада жауапсыз қалады бір жағдай болса кім жауап береді, кім рұқсат берді ?

Жауап - Дабысов М: Спорт мектебінен білім бөліміне сұраныс келеді балаларды жарысқа апаратын туралы білім бөлімі сабақтан босату жөнінде қатынас шығарады баланың қауіпсіздігі мен апарып ақелуі барлығы спорт

мектебіне жүктеледі. Жарыс бойынша оқу жылы басталмастан жарысқа қозғалыс өте көп. Спрот мектебі жанынан мектеп лигасы қандай спорт түрі болса сондай спорт түрінен жарыс өте көп. Спорт мектебінің директоры мен сөйлестім жарыстарды жүйелейік деп ескерттім, ауылдық округтерден жарысқа келетін балалардың қасына апарып ақелуін қамтамасыз ету барлығын ескердік бірінші орында балалардың қауіпсіздігі.

**Б.Тажімұратов**

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап қортындылай келе Қоғамдық кеңес шешім қабылдады.


Аудандағы білім берудің сапасы, проблемалар және алдағы міндеттері мен жұмыстары туралы

Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесі **ШЕШТІ:**

1. Аудандағы білім берудің сапасы, проблемалар және алдағы міндеттері мен жұмыстары туралы аудандық білім бөлімінің басшысының жасаған баяндамасы еске алынсын. Жылу жүйесі бойынша ауылдық округ мектептерін көмір жағудан газ отынына біртіндеп айналдыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.


**Б.Тажімұратов** Қоғамдық кеңес мүшелеріне отырысқа қатысқандарыңызға алғыс айтамын. Отырысқа қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға



Б.Тажімұратов

Хатшы



Ж.Көшкінбай